аптальқ облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# Приозёрский Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

№ 25/461
24 июня 2016 года

*28-маусым – байланыс және ақпарат қызметкерлері күні*

## КӘСІБИ ЖУРНАЛИСТ ЖӘНЕ АҚЫН

Газетміздің арнаулы тілшісі және ақын, «Орталық Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі, бірнеше республикалық газет-журналдарда мақалалары жарияланып тұратын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабековты қала мен облыс көлеміндегі оқырмандар жақсы таниды. Оның кәсби журналистикада жүргеніне де отыз жылдан асыпты. Өзінің тартымды әрі тұшымды мақалалары, очеркері мен ақпараттарын газет оқырмандары жақсы қабылдайды.



Өзбекстанның Тамды ауданында туып-өскен Н.Қыдырмұратұлы мақала және өлең жазумен мектеп қабырғасында жүргенде айналыса бастаған. Алғашқы жауқазын жырлары мен мақалалары жарық көрген аудандық «Социалистік шаруашылық» газетінде кейіншелік өзі де тілші, кейін жауапты хатшы болып қызмет ететінін ол кезде өзі де білмеген еді. «Орта мектепті бітіретін жылы әкем: «Балам, қандай оқуға барасың? – деп сұрады. Мен «Алматыдағы ҚазМҰУ-дың журналистика факультетіне барамын..» - дедім.». «Қағаз кеміремін де! Онда қой бакқаның дұрыс. Не зооветинарияға, не мұғалімдікке барасың!..» - деп әкем шорт кесті деп еске алады бүгінде ол. Әкенің сөзін жерге тастай алмаған Н.Қыдырмұратұлы келер жылы зооверинария техникумына түсіп, оны әскерден оралғасын, 1986-жылы бітірген екен. 1984-жылы әскерден келген бетте аудандық газет редакторы Қайыпназар Шотбасов талантын танығандықтан өзіне шақырып, тілші болуды ұсынған. Бұл кезде әкесі де қарсы болмай, батасын беріпті. Газетте қызмет ете жүріп ҚазМҰУ-дың журфагін сырттай оқып бітірген ол өлең жазуға да біржолата бет бұрған.

Кеңес өкіметі құлаған соң, тағдырдың жазуымен өзінің тарихи Отанына – Приозерск қаласына 1995-жылы көшіп келген соң әртүрлі қызметтер атқара жүріп, қаламын қолынан тастамаған журналист жігіт сол жылдары «Сарыарқа» газетіне жазып тұрды. Кейін облысымыз Қарағанды болғанда да өзінің қалаған мамандығынан бас тартпай, «Орталық Қазақстанның» штаттан тыс тілшісі болды. «Қазақстан Заман» газеті мен «Денсаулық» жуналдарына мақалалары жарияланып тұрады. Қазақстан журналистер одағының мүшесі. 2004-2013-жылдары екі жыр жинағы жарыққа шығып, жырсүйер қауымнан лайықты бағасын алды. Қалалық және аймақтық жыр бәйгесі мен жыр мүшайраларына қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алған. Міне, соңғы бірнеше жылдан бері «Приозерск вестник» газетінің арнаулы тілшісі қызметін атқарып жүр. Ол өзінің кәсіби мерекесін лайықты жетістіктерімен қарсы алып отырған журналистеріміздің бірінен саналады.

**Б.АЛШЫНБЕКҰЛЫ**

## ҚОҒАМДЫҚ ТІЛШІЛЕР – ГАЗЕТТІҢ ТІРЕГІ

Қаламыздағы қазақ және орыс тілдерінде жарық көретін жалғыз басылым – «Приозерский вестник» газеті шектеулі тиражбен шығып жатса да, қала тұрғындарының және қаланың тыныс-тіршілігін көпшілікке жария етіп тұруда халқадерінше қызмет етіп келеді. Қалада болып жатқан жаңалықтар мен ақпараттарды дер кезінде нысанаға алып, оны оқырманның назарына ұсынуды басты мақсаты санайтын газеттің санаулы тобы оқырманның көңілінен шығуды өздерінің міндеті санайды. Осы орайда газеттің сапалы һәм қызықты шығуына бар болғаны екі ғана қызметкердің шама-шарқы жетпейтінін де ескерте кеткеніміз жөн болар. Мұндай сәтте қаламыздың белсенді және жаңалық жаршысы болып жүрген қоғамдық тілшілердің ерен еңбегін атап өткеніміз жөн шығар. Айналамыз бен қала төңірегінде болып жатқан жаңалықтар мен оқиғалардан қалыс қалмайтын қоғамдық тілшілер бізде жеткілікті. Олар ақпараттармен қатар жекелеген тұлғалардың еңбегі мен жетістіктері жайында жазып, өзгелерге үлгі-өнеге ретінде мақалалар ұсынып отырады. Атап айтқанда, олардың қатарында Мұхамбедия Сақаловты, Жолмұрат Кеңесовті ерекше айтуға болады. Бұл аталған азаматтар тек қала көлемімен шектеліп қалмай, қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістерге, мемлекеттік дәрежедегі құнды құжаттарға өзіндік ой-пікірлерін білдіріп келеді.



Газет қоғамның көзі, құлағы һәм тілі болып саналғандықтан, оған үн қосып, ел ішіндегі болып жатқан жағдайларға, қала өміріне, еңбек адамдарына қызметіне байланысты мақалалар, ақпараттар жазып отыру әрбір қоғам мүшесінің парызы деп ойлаймын. Мақалалар жазбаса да, мәліметтер мен деректер беріп отыратын № 2 мектеп-балабақша кешенінен Алтынай Ермағанбетова, «Еркетай» балабақшасынан Малика Ерімбетова, жастар орталығының психологы Анажан Ахметжанова, Приозеск қалалық ауруханасының бас мейірбикесі Ибадат Керімқұлова және тағы басқа қоғам өміріне бейжай қарамайтын тұлғалардың есімдерін құрметпен атап өткенді жөн санаймыз.

Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні мерекесіне орай қала тұрғындары мен газет оқырмандарын, газеттің қоғамдық тілшілерін құттықтаймыз және өздерінің және қоғамдық қыз-меттеріне жетістік пен табыс, жеңіс пен жеміс тілейміз!

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

*23 июня – День казахстанской полиции*

## ТОРЖЕСТВЕННОЕ СОБРАНИЕ, ПОСВЯЩЕННОЕ ДНЮ КАЗАХСТАНСКОЙ ПОЛИЦИИ

**23-июня в Гарнизонном доме офицеров в/ч 44841 Приозёрского гарнизона МО Республики Казахстан состоялось торжественное собрание, посвященное Дню Казахстанской полиции.**

На собрании присутствовали личный состав отдела внутренних дел города, ветераны органов внутренних дел, представители государственных органов и войсковых частей МО Республики Казахстан и МО Российской Федерации.

Торжество по традиции открылось исполнением Государственного Гимна Республики Казахстан. Отдавая дань уважения тем, кто верно служил своей Родине, охраняя покой и безопасность граждан, и погиб при исполнении служебных обязанностей сотрудника органов внутренних дел, присутствующие почтили память минутой молчания.



От лица руководства города Приозерск с профессиональным праздником сотрудников полиции, их семьи и ветеранов службы поздравил исполняющий обязанности акима города Приозёрск Саденов Д.Ш. Он вручил, отличившимся на службе сотрудникам ОВД, почетные грамоты акима города. Слова поздравления и наилучшие пожелания звучали в поздравительных речах выступивших: председатель городского суда Адепбеков Б.А., прокурор города Турысбеков Е.Б., секретарь городского маслихата Сарсембеков Б.М., представителя командования Приозерского гарнизона МО Республики Казахстан и МО Российской федерации. От имени втеранов органов внутренних дел действующих сотрудников с праздником поздравил председатель Совета ветеранов ОВД Исенов С.К.

Далее было зачитано поздравление министра внутренних дел РК. В конце официальной части сотрудникам полиции были вручены медали «За безупречную службу в органах внутренних дел» и почетные грамоты, родителям молодых сотрудников – благодарственные письма и ценные подарки.

В приятное дополнение к профессиональному празднику состоялась церемония награждения победителей городского первенства по мини-футболу, посвященного к Дню Казахстанской полиции. В числе награжденных футбольные команды города Приозерск и поселка Сары-шаган, также принявших участие в спортивном мероприятии.

После завершения официальной части торжества состоялся концерт художественной самодеятельности отдела внутренних дел и города. Вниманию присутствующих были представлены вокальные и танцевальные номера.

Завершился концерт торжественным прздничным фейрверком и выходом всех участников праздничного концерта под исполнение песни ....

Б. Алшынбекулы

## ПАРЛАМЕНТ ПРИНЯЛ ЗАКОН О ПРОДАЖЕ И АРЕНДЕ ЗЕМЕЛЬ В КАЗАХСТАНЕ

**Депутаты сената парламента на пленарном заседании 23 июня приняли закон «О приостановлении действия некоторых норм Земельного кодекса РК и введения в действие закона РК от 2 ноября 2015 года «О внесении изменений и дополнений в Земельный кодекс», сообщает КазТАГ.**

«Проект закона доработан с учетом замечаний и предложений администрации президента, канцелярии премьер-министра, генеральной прокуратуры и завизирован министерствами юстиции, финансов и национальной экономики, а также согласован с акиматами областей и всеми заинтересованными государственными органами», - сказал вице-министр сельского хозяйства РК Ерлан Нысанбаев, представляя закон депутатам.

Ранее сообщалось, что основанием для разработки закона послужил указ президента республики Казахстан от 6 мая 2016 года «О введении моратория на применение отдельных норм земельного законодательства.

Законом до 31 декабря 2016 года приостанавливается действие норм закона РК от 2 ноября 2015 года «О внесении изменений и дополнений в Земельный кодекс Республики Казахстан», а также отдельных норм Земельного кодекса.

В частности, приостанавливается действие норм, связанных с предоставлением иностранцам, лицам без гражданства, иностранным юридическим лицам, а также юридическим лицам, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем 50%, права временного землепользования на земли сельхозназначения, а также предоставлением гражданам и юридическим лицам РК права частной собственности на земли сельхозназначения, находящиеся в государственной собственности.

**источник: www.nur.kz**

*Елімiздiң тәуелсiздiгiне 25 жыл*

# ҚАЗАҚСТАН: КЕШЕ, БҮГІН...

Еліміздің тәуелсіздігіне биыл 25 жыл толып отыр. Еліміздің Тәуелсіздік мерекесі халқымыздың сан ғасырлар бойғы азаттық жолындағы күресінің, сол жолдағы көрген азаптары мен қиындықтарының жадымызда жаңғырып, 25 жылда жеткен жетістеріміздің айшықты көрінетін мейрамы. Сондықтан да бұл күні Тәуелсіздік жолындағы арпалыстың азапкерлері мен қаһармандары ойға оралатыны сөзсіз. Азаттық қазақ халқының ежелгі арманы еді, ат үстінде өткен кезеңдер көп болды. Азаттық үшін күресте айрықша қылыш сер-меді, талай қиыншылықты бастан кешірді. Бірақ, ешқашан да мойымады, күресе білді, азаттық таңы туатынына кәміл сенді. Иә, қазақ халқының басынан небір қилы заман өтті. Тарихта аты шулы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген қаралы атқа ие болған Жоңғар шапқыншылығы қазақ жерін ойсы-ратып кетті. Қазақ халқы оңтүстікке босты. Бірақ, бұдан да басқа жауыздық нәубетінің екі ғасырдан соң қайта келерін білген жоқ.

1925-1933 жылдарда Г.Голощекин Қазақстанда әлі революция болмаған деп «Кіші октябрь» саясатын жүргізді, елді аштық пен қуғын-сүргін жайлады, Қазақстанда тұратын 2 миллион қазақ аштықтан қырылды. 1937-жылғы асыра сілтеудің кесірінен қазақ әдебиетінде жайқалып келе жатқан жас теректердің тамырын қиды. Олар: Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек, Бейімбет, Ілияс, Сәкен. Өздері өлсе де аты өлмеген ағалар рухына кейінгі ұрпақ әрқашан бас иеміз 1941-1945-жылдардағы Ұлы Отан соғысында 500-ге тарта қазақ қаһармандарына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олар Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров және басқа да ержүрек аталарымыз бен апаларымыз. 1986-жылы Атыраудан Алтайға, Сарыарқадан Алатауға дейінгі байтақ жерімізге Желтоқсанның дауылы үдей түсіп, дүрбелең жайлады. Қазақтың көптеген азаматтарының мойнына қыл шылбыр салынды. Әділдік үшін бой көтерген жас боздақтардың маңдайы тасқа соғылды. Желтоқсан оқиғасына қатысып, жауапқа тартылғандар қатарында Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев бар.

Өткен шақта Қазақстан ғасырларға теңесетін ғажайып жолды жүріп өтті. Бұл жолда бәрі де болды: бұрыннан қалыптасқан шаруашылық байланыстары үзіліп, шығарған өнімдерін өткізе алмай дағдарған кәсіпорындар, алты айлап айлық, жылдап зейнетақы ала алмай, егемендіктің елең-алаңындағы еңсені езер қиындықтардан қажыған жұрт, кеңбалақ қазақтың базар психологиясына бой үйрете алмай асып-сасуы, ала қапшық арқалап, отбасын асыраған әйелдер, жекешелендіру жанталасы, реформалардың алғашқы нәтижелерін беруі, әлеуметтік саланың еңсе тіктеуі, халықтың көңіл-күйінің қалпына түсуі, елдің ертеңіне сенімнің ор-нығуы, инвестициялардың келе бастауы алғашқы онжылдықтың жемістері. Тәуелсіздік! Осы бір қасиетті сөзді естігенде қалайша тебіренбейсің! Бодандықтың бұғауы-нан, қыспағынан құтылған қазақ халқы ер-кіндік, азаттық ауасымен тыныстауда. Қанымызда бар ұлттық қасиеттеріміз қалпына келуде.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздік, ең алдымен, қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ арманы мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін тәуелсіздік күші – ең қадірлі күш. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Бүгін Қазақстан әлем назарында, өзінің болашағынан үлкен үміт күттіретін, жері, халқы бай ел. 1991 жылы 1-желтоқсанда республикада бүкіл халықтық Президент сайлауы болып өтті. Қазақ КССР-нің Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Республика тарихында халық саналы түрде өзінің тағдырын сеніп тапсырып, өз басшысын сайлады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев – сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем, саңлақ шыққан сарабдал саясаткер, әлемдік деңгейде өзіндік орны бар үлкен тұлға, қажырлы мемлекет қайраткері. Алғырлығы мен көрегендігі, ептілігі мен тектілігі, батылыдлығы мен өжеттілігі, мейірімділігі мен қайырымдылығы, алымдылығы мен шалымдылығы қатар жүретін нағыз марқасқа. Баяғыда бір ойшыл: «Саясаткер – сайлау мен сайлаудың арасында ғана көзге көрінетін белсенді. Ал, шын мемлекет қайраткерінің тағдыры халқының тағдырымен байланысты. Оның мұраты – халқының бүгіні мен ертеңі» деген екен. Елбасының тәуелсіздік туын қолға ұстағалы бері әлем алдындағы көрсетіп келе жатқан ұлан-ғайыр қажыр-қайраты осының дәлелі.

Қазіргі кезеңде жер жүзіндегі 200-ге тарта мемлекеттерді ішінде Қазақстан әлем таныған алдыңғы қатарлы елдердің бел ортасында келеді. Дүние жүзілік бірқатар ықпалды ұйымдарға мүше болып, мемлекетіміздің мерейін асырып, іргесінің нығая түсуіне Елбасымыздың ат үстінде жүріп, ел үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз.

1997-жылы Елорда Ақмола қаласына көшірілді. 1997-жылы «Астана» деген ат берілді. Стамбулда өткен түркі тілдес халықтар Саммитінде Астана 2012-жылғы Түркі әлемінің астанасы деп жарияланды. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың Тәуелсіздіктің 25 жылындағы ғаламат көшбас-шылығымен қол жеткізілген Қазақстанның тамаша табыстарын айғақтайтын аса жарқын да сенімді цифрларға назар аударайық. Біздің еліміз әлемдегі аса дамыған 50 елдің қатарына енді; Соңғы 4 жылда тұрғындардың ақшалай кірісі, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысы, студенттердің стипендиясы 2 есе өсті; Зейнетақы төлемдері мен баланы күтуге арналған жәрдемақы 2,6 есе көбейді; Білім беру, ғылым мен денсаулық сақтау шығындары 2 есе ұлғайды; Республика бойынша 4000 жаңа балабақшалар, 350 мектеп, 50 колледж салынды. Жаңа Назарбаев Университеті, болашақтың Интеллектуалдық мектептер жүйесі құрылып, 150 шақты аурухана тұрғызылды. Кеден Одағының арқасында тауар айналымы еселеп өсті. Қазір мыңнан астам Ресей компаниялары өз істерін Қазақстанға көшіріп отыр. Бірнеше аса маңызды бағдарламалар жүзеге асты: 2010-2014-жылдарға арналған индустриялық даму бағдарламасы, 2020-жылға арналған бизнестің жол картасы, «Мәдени мұра», «100 мектеп, 100 аурухана», «Дипломмен ауылға» бағдарламалары.

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, келешегі. Оған мысалды көнекөз тарихтың өзі талай мәрте дәлелдеді. Мәселен, Екінші дүниежүзілік соғыстан соң екі қаласына атом бомбасы тасталып, өзі де сау-тамтығы қалмай қираған жапон мемлекеті сол бетімен кетсе әлемдегі ең кедей елдердің бірі болар еді. Ертеңін бағамдаған ел ақсақалдары жапон мемлекетінің басшысына келіп: «Мейлі, біз аштықты, суықты көрейік, бәріне төземіз. Мына елдің еңсесін көтеру, экономикасын нығайту үшін жастарды оқытуымыз керек», - дейді. Әркім өзінің асыл дүниелерін, алтын, күмістерін ортаға үйіпті. Осы ақшаға шет елдің ең іргелі мемлекетттеріндегі мықты оқу орындарында жастары оқып, жапон мемлекетін тұс-тұстан көтерген екен. Президентіміз «Білім – келешектің кепілі» екенін ерте болжап, 1993-жылы 5-қарашада «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындады. Тәуелсіздік, көк тудың желбірегенін көріп, кең тыныстайтын барлық жастар үшін тым қымбат. Қыран бүркіт асқар таудың шыңынан кең далаға қарай қанат қағып, қалықтап ұшқанда өзін қалай еркін сезінсе, бүгінгі егеменді елді жастары да өздерін сондай еркін, асқақ сезінеді.

«Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. Біз 2015-жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда. Ел Бірлігі — біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың Қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын және халықаралық EXPO-2017-көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етеміз. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын! Баршаңызға «Нұрлы жол» Жолдауын жүзеге асыруда табыс тілеймін!» – деген Елбасының елге арнаған сөзімен аяқтаймын осы мақаланы.

**Нұрғали**
**ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***газеттің арнаулы тілшісі***

*Борьба с преступностью*

# ЗАСЕДАНИЕ ГОРОДСКОЙ КОМИССИИ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ ПРАВОНАРУШЕНИЙ И ПРЕСТУПЛЕНИЙ

**15 июня 2016 года в здании ОВД города Приозерск проведено заседание городской комиссии по профилактике правонарушений и преступлений.**

Целью данного мероприятия определено совершенствование работы по профилактике правонарушений и преступлений, принципа «нулевой терпимости» к беспорядкам и правонарушениям.

В рамках заседания участниками рассмотрен ряд вопросов касательно профилактики правонарушений среди несовершеннолетних, снижения аварийности и повышения безопасности дорожного движения, профилактики злоупотребления алкоголем.

С докладом о реализации совместного комплекса профилактических мероприятий, направленных на снижение аварийности и повышение безопасности дорожного движения выступили начальник МПС ОВД города Приозерск Айтжанов М.О. и руководитель Отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Айдарханов Т.А.

О состоянии работы по профилактике правонарушений среди несовершеннолетних выступили заместитель акима города Казиева Б.А., руководитель Отдела образования Касимова Г.К. и старший инспектор группы ювенальной полиции МПС ОВД города Приозерск Курмангожина А.К.

Врач КГП «Приозерская центральная больница» Кошербаев К.К. довел до собравшихся меры по повышению эффективности профилактики злоупотребления алкоголем среди населения.



Начальник МПС ОВД города Приозерск Айтжанов М.О. выступил с отчетом о проделанной работе по плану организационных и практических мероприятий по обеспечению принципа «нулевой терпимости» к беспорядку и правонарушениям на 2015-2016 годы.

По итогам заседания председателем комиссии акимом города Приозерск, были даны соответствующие поручения.

**Пресс-служба**
**акима города Приозерск**

*Профилактика коррупции*

# ПРОВЕДЕН КРУГЛЫЙ СТОЛ ПО ФОРМИРОВАНИЮ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ СРЕДИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

**17 июня 2016 года в здании городского акимата проведен «круглый стол» по формированию антикоррупционной культуры среди государственных служащих.**



В заседании круглого стола участвовали представители городской прокуратуры, военной полиции, управления государственных доходов, казначейства, палаты предпринимателей, представители общественных объединений «Арзу», «Атамұра», «Исток» и руководители государственных учреждений города Приозерск, финансируемые из городского, областного и республиканского бюджетов.

Цель мероприятия – усовершенствование работы по профилактике коррупции, нарушений норм служебной этики в государственных органах.

В рамках круглого стола участниками обсуждены вопросы касательно профилактики коррупции в государственных органах.

С докладом о роли социальной сферы в формировании антикоррупционной культуры выступила руководитель Отдела занятости и социальных программ города Приозерск Ким А.Л.

Председатель общественного объединения «Исток» Светлана Попченко довела до собравшихся информацию о роли общественных объединений в противодействии коррупции.

Руководитель Отдела службы управления персоналом Рысжанова Шолпан и главный специалист государственно-правового отдела аппарата акима Кашкинбаева Молдир довели до собравшихся сведения о неотвратимости наказания за совершение коррупционных правонарушений, антикоррупционной культуре и служебной этике.

Акимом города в конце работы круглого стола подведены итоги и даны соответствующие поручения по данным вопросам.

**Пресс-служба**
**акима города Приозерск**

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# 2016 ЖЫЛДЫҢ 10 АҚПАНЫ КҮНІ ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНАН ТҮСКЕН ҰСЫНЫСТАРМЕН ЕСКЕРТУЛЕРДІҢ ІС-ШАРА ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ

| № | Ескертулермен мен ұсыныстың қысқаша мазмұны *(аты-жөні, мекен жайы)* | Ескертулермен мен ұсыныстарды жүзеге асыру іс-шаралары | Орындау уақыты | Жауапты қала әкімінің орынбасары | Жауапты орындаушы | Орындалуы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | №2 су қойма аймағы қоқысқа толы (Хабибрахманов И.И., в/ч 03080 МО РФ) | 1. Аталған мекенжайдың қоқыстарына тазалау жұмыстарын ұйымдастырсын;<br>2. Орындалғаны туралы әкімге жазбаша баяндасын<br>3. Арыз берушіге жазбаша түрде жауап берілсін. | Мамыр- маусым 2016 г. | Сәденов Д.Ш. | Айдарханов Т.А., Ежибаев Т.О. | Көктемгі екі айлық қаланы көгалдандыру және санитарлық тазалау барысында «ТҮҚҚБ» КМК №2 су қойма қызметкерлерімен аталған мекенжайға тазалау жұмыстары жүргізілді.<br>***Бақылаудан алынды*** |
| 2. | Производственная көшесіндегі құрылыс қоқыстарынан тазалау туралы (Яброва Л.А., БСА к, 38а - 22) | 1. Аталаған аймақтың құрылыс қоқыстарын рекультивациялау жұмыстарын жүргізсін;<br>2. Орындалғаны туралы әкімге жазбаша баяндасын<br>3. Арыз берушіге жазбаша түрде жауап берілсін. | сәуір- шілде 2016 г. | Сәденов Д.Ш. | Айдарханов Т.А., Батанаева Л.К. (келісім бойынша) | ***«ТҮҚҚБ» КМК –нің қызметкерлерімен көрсетілген мекенжайды құрылыс қоқыстарына рекультивациялау жұмыстары жүргізілді.***<br>***Бақылаудан алынды*** |
| 3. | Гвардейская көшесі, 2 үй алдына балалар ойнайтын алаң салу туралы (Жәшік арқылы түскен сұрақ) | 1. Аталған сұрақ бойынша ұсыныс дайындасын;<br>2. Арыз берушіге жазбаша түрде жауап берілсін. | маусым 2016 г. | Сәденов Д.Ш. | Айдарханов Т.А. | Ағымдағы жылдың бюджетінде аулаларға балалар ойнайтын алаң салу қарастырылмаған. Аталған үй Қарағанды облысының 2014 жылғы №44/1 «Коммуналдық меншіктен республикалық меншікке тапсыру туралы» қаулысына сәйкес ҚР ҚМ Балқаш аудандық пайдалану бөлімінің меншігіне тапсырылып жатқандығын хабарлаймын.<br>***Бақылаудан алынды*** |

**Қала әкімі Қ. Камзин**

# ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИСПОЛНЕНИИ ПЛАНА МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ, ПОСТУПИВШИХ В ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ОТЧЁТНОЙ ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА 10 ФЕВРАЛЯ 2016 ГОДА

| № | Содержание предложения, замечания *(автор, адрес)* | Мероприятия по реализации предложений и замечаний | Срок исполнения | Ответственный курирующий заместитель акима города | Ответственные за исполнение | Исполнение |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Об уборке мусора в районе водозабора №2 (Хабибрахманов И.И., в/ч 03080 МО РФ) | 1. Организовать работу по уборке мусора данной территорий;<br>2.Доложить об исполнении акиму в письменном виде;<br>3. Дать ответ в письменном виде заявителю. | май-июнь 2016 г. | Саденов Д.Ш. | Айдарханов Т.А. Ежибаев Т.О. | В рамках весеннего двухмесячника по благоустройству и санитарной очистке сотрудниками водозабора №2, КГП «УЖКР» организованы работы по мусора на территории водозабора №2<br>Снято с контроля |
| 2. | Об уборке строительного мусора по ул. Производственная (Яброва Л.А., ул. БСА, 38а - 22) | 1. Организовать работу по рекультивации строительного мусора на данной территории;<br>2. Доложить об исполнении акиму в письменном виде;<br>3. Дать ответ в письменном виде заявителю. | апрель-июль 2016 г. | Саденов Д.Ш. | Айдарханов Т.А. Батанаева Л.К. (по согласованию) | Сотрудниками КГП «УЖКР» организованы работы рекультивации строительного мусора на данной территории.<br>***Снято с контроля*** |
| 3. | Об организации детской дворовой площадки по ул. Гвардейская, дом 2 (Вопрос поступил через ящик) | 1. Подготовить предложение акиму;<br>2. Дать ответ в письменном виде заявителям. | июнь 2016 г. | Саденов Д.Ш. | Айдарханов Т.А. | В текущем году в бюджете отсутствуют средства на установку детских игровых площадок по городу. Согласно постановления акимата Карагандинской области от 27 августа 2014 года №44/01 «О передаче имущества из коммунальной собственности в республиканскую собственность», на сегодняшний день идет процесс передачи данного дома на баланс РГУ «Балхашская районная эксплуатационная часть» МО РК .<br>***Снято с контроля*** |

**Аким города Қ. Камзин**

*Иман айнасы*

# ШЫН МҰСЫЛМАННЫҢ СИПАТТАРЫ

Қасиетті рамазан айында қала имамы Дәуіт Сейтқалиұлына жолығып, шын, нағыз мұсылманның ерекше сипаттары жайында сұрастырып білген едік. Ол шын мұсылманның 14 сипатын айтып берген еді. Осы әңгімені газет оқырмандарының назарына ұсынуды жөн көрдік:

**1.Аллаға бойұсынушы.** Мұсылманның ең басты сипаты – оның Жаратушысына деген сенімінің шынайылығы. Мұсылман Алланы бір сәт те есінен шығармайды, үнемі оған арқа сүйейді, қанша жерден қуатты, күшті болса да, Алланың көмегіне, қолдап-қорғауына мұқтаж құл екенін сезінеді. Ол әлемдегі орын алған барлық оқиғалар, адамдардың іс-әрекет, қимылдарына дейін Алланың қалауымен болып жатқанын түсінеді. Ол кез келген ісінде, сөзінде Аллаға жүгінеді. Себебі Алла Құранда оларды: «Олар Алланы түрегеп тұрып, отырған күйі және жамбастап жатып еске алады, әрі аспандардың және жердің жаратылуы жайында ойланып: «Раббымыз! Сен бұны босқа жаратпадың! Сен (барлық кемшіліктен) пәксің! Бізді От (тозақ) азабынан сақта!» - дейді», - деп сипаттаған.

**2.Өз қарамағындағыларға жауап берушi.** Мұсылман адамды өз жанұясының, айналадағы ағайын, туған-туыс, бауырларының хал-жағдайлары үнемі алаңдатып тұрады. Ол - еркек ретінде ізінен ерген інілеріне ізет көрсетіп, үлкендеріне құрмет таныта алатын, оларды тура жолға шақырып, құлшылыққа құлшындыратын жан. Себебі Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Барлықтарың бақташысыңдар және әркім өз қарамағындағылар үшін жауап береді», - деген.

**3. Ол - Алланың тағдырына разылық танытушы, ризық-несібесіне шүкірлік етушi.** Ол үнемі «Мұсылманның ісі қандай ғажап! Оның ісінің барлығы – ол үшін жақсылық. Сондай-ақ бұл мүміннен басқа ешкімге берілмеген: егер оған қуаныш келсе, ол Аллаға шүкіршілік етеді және ол оған жақсылық болады. Ал егер оған бір қайғы келсе, ол оған сабыр етеді, бұл да оған жақсылық болады» – деген хадисті есінде ұстап, өзі соған сай амал етеді. Тағдырға иман келтіру – Ислам ұстындарының бірі. Ол кез келген істе сабыр мен қанағат ету арқылы Алланың оны одан да үлкен сыймен қуантатынына, әр ісінің амал дәптеріне жазылып жатқанына, бұл дәптердің Қиямет күні өзіне қарсы құжат болатынына сенеді. Міне, сондықтан да ол не көрмесін, сол арқылы Алланың ризашылығына бөленуді мақсат тұтады.

**4. Тәубе етушi.** Адам өмірі қателіктерден, аңдамай жүріп от басып адасулардан, өкініштен тұрады. Ал мұсылман - өз жіберген қателігі үшін шынайы өкініп, тәубе қылушы адам. Ол - қателігі үшін қатты өкінуші, оның қайталануына жол бермей, тосқауыл қоюшы, күнәнің алдын алушы. Ол - тура жолды Алладан жылап жүріп сұраушы. Алла Тағала «Аъраф» сүресінің 201-аятында «Олар өздеріне шайтаннан бір азғыру тисе, Алланы еске алады, сөйтіп көзі ашылады (яғни түсінеді)», - деген. Бұл мұсылман қателеспейді деген сөз емес, ол да адам баласы болғандықтан, опық жейді, шалыс басады, алайда Құдайына тәубе етеді дегенді білдіреді.

**5.Оның бар ойы – Жаратқан Иесінің разылығына бөлену.** Шынайы мұсылман не істесе де ықылас, ниетіне берік болады. Оның ең басты мұраты - жаратылған адамдардың емес, Жаратушысының разылығына бөлену. Алла Елшісі: «Кімде-кім адамдардың ойына мән бермей, Алланың разылығын алуды ойласа, Алла оны өзгелердің зұлымдығынан, зиянға ұшыратуынан қорғап қалады», - деген (Тирмизи).

**6.Шынайы мұсылман 5 уақыт намазына берік.** Намаз – діннің тірегі. Намазға ұқыптылықпен қараған адам дініне де мықты. Намаз оқу – мұсылман өміріндегі маңызды құлшылық. Намазға қатты көңіл бөлудің өзіндік үлкен мәні бар. Намаз – адамды өзін жоқтан бар етіп жаратқан Раббысымен жақындастыратын құлшылық. Намаз оқушы пенденің ойы, сөзі, жүрегі – бәрі тек бір Аллаға ғана бағытталады. Адам намаз оқып тұрып тамақ ішуі, жуынуы немесе өзге де дүниелік бір жұмысын бітіріп алу мүмкін емес. Демек, намаз оқыған адам бір сәтке болса да барша дүниелік істерден ажырап, Алламен ғана байланыс орнатады. Егер намазы дұрыс болса, оның қалған амалдары да дұрыс болады. Ал егер (намазы) дұрыс болмаса, қалған амалдары да дұрыс болмайды».

**7.Ізгі, тақуа мұсылман мешітке алдыңғылардың бірі болып келуге тырысады.** Себебі Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) жамағатпен оқылған намаздың сауабы жеке оқылған намаздың сауабынан 27 есе артық болатынын айтқан. Алла Тағала Мұхаммед Пайғамбарға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) тура жолды көрсетті және намаз – тура жолды ұстағандар үшін тым оңай. Егер намаздарыңды үйде оқуды артық көрсеңдер, бұл Алла Елшісінің сүннетінен бас тартқандарың, ал сүннеттен бас тартқандарың – тура жолдан тайқығандарың. Ал бізге келетін болсақ, екіжүзділерден өзге арамыздан ешқайсысы жамағат намазын жіберген емес»,- деген.

**8.Мұсылман адам мүмкіндік тауып шамасы келгенше қосымша құлышылықтарды да атқаруға тырысады.** Нәпіл құлшылық – адамды Жаратушысына жақындататын амал. Себебі, адам оны өз ерік-жігер, қалауы бойынша, тек бір Алланың разылығы үшін ғана орындайды. Нәпіл құлшылық Алланың мейіріміне, сүйіспеншілігіне бөленуге жол ашады. Алла оған күш-қуат беріп, дінінде бекем болуға жәрдемдеседі, оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы болады. Бұл туралы Алла Тағала құдси хадисте: «Мен оны сүймейінше, құлым нәпіл құлшылықтары арқылы маған жақындауын бір сәт те тоқтатпайды. Ал мен оны сүйсем, оның еститін құлағы, көретін көзі, заттарды алатын қолы, жүретін аяғы боламын. Егер ол Менен жәрдем сұраса, Мен оған көмектесем, егер ол Менен өзін қорғауды сұраса, Мен оны панама алам», - деген. Алланың сүйіспеншілігіне бөленген құлды аспан мен жердегілер де жақсы көретін болады.

**9.**Шынайы мұсылман құлышылығын тек отырып, тұру үшін, денсаулығына пайдасы тиетін жаттығу болуы үшін жасамайды. Ол жүректе не жатқанын да білетін Алланың разылығын алу үшін жасап, ықылас, ниетіне сақтық танытады**.**

**10.**Мұсылман адам дүние-мүлкінен **зекет, садақа береді**. Тіпті, беріп жатқан дүниесі миллионға жетсе де, ол үшін қайғырып, уайымға түспейді. Себебі, зекет – Алланың бұйрығы, бес парыздың бірі. Алла Тағала Құранда: «Намазды толық орындаңдар және зекетті беріңдер...» -деген (Бақара сүресі, 43-аят).

**11.** Мұсылман адам Рамазан айында Алланың сыйынан үміт ете отырып **ораза ұстайды.** «Алланың сыйынан үміт етіп және соған кәміл сеніп ораза ұстаған адамның өткен күнәлары кешіріледі». Мұсылман ораза тек тамақтан тыйылу ғана емес, сонымен бірге тіліңді, көзіңді, басқа да дене мүшелеріңді күнәдан қорғау екенін, күнәнің сауапты жалмайтын от екенін анық түсінеді. Алла Елшісінің (оған Аллланың игілігі мен сәлемі болсын): «Ешкім ораза кезінде дауыс көтеріп, жаман сөз сөйлемесін, ал егер керісіп қалса, мен оразамын десін», - деген. Сонымен бірге Пайғамбарымыз (оған Аллланың игілігі мен сәлемі болсын): «Алла Тағалаға өтірік айту мен өзгелерді алдауын қоймаған адамның ішіп-жеуден тыйылып, ашыққаны керек емес», - деген.

**12.**Мұсылман адам мүмкіндігі болса, **қажылық парызын өтейді**. Ол бұл сапарына аса қатты жауапкершілікпен қарап, қажылықтың барлық рәсімдерін толық орындайды. Қажылық жасаған адамның күнәлары ана-сынан жаңа туғандай кешіріледі.

**13.Мұсылман адам не мақсатпен жаратылып, не үшін өмір сүріп жүргенін біледі!** Себебі Алла Тағала Құранда: «Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» (Зәрият сүресі, 56-аят), - деген.

**14. Ол –Құранды көп оқушы!** Алланың сүйіспеншілігіне бөлену, жәннаттық болу. Бұл мақсатқа жету жолында мұсылман түрлі кедергілерге, қиындықтарға тап болады. Міне, осындай жағдайда мұсылманға тура жол әрі жолбасшы болатын – Құран ғана. Мұсылман ауырған жанын Құран арқылы емдейді, жабыққан көңілін Құран оқу арқылы тыныштандырады. Алланың сөзі арқылы рухани қуат, нәр алады, шөліркеген иманын, адамдық болмысын суарады. Мұсылман адамның Жаратушысымен болған қарым-қатынасы, міне, осындай болады!

***әңгімелескен Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, газеттің арнаулы тілшісі.***

*Қауіппен күрес – көпке ортақ*

# КЕЛЕҢСІЗ КЕСЕЛ ҚАУЛАП КЕТПЕСІН

Еліміздің батысынан діни экстремистердің оқтын-оқтын бас көтеруі елдің басшыларын ғана емес, қарапайым халықты, барша азаматтарды ойландырып отыр. Көптің көкейінде «Экстремизм мен терроризмге қарсы Қазақстанда атқарылып жатқан іс-шаралар жеткіліксіз болғаны ма?» - деген сұрақ ұялап, ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілу деңгейіне алаңдаушылық белең алды. Ақтөбедегі оқиға экстремизм мен терроризмнің алдын алу, бұл келеңсіз кеселдермен күресудің әдіс-тәсілдерін қайта қарап, жетілдіру қажеттігін дәлелдеп берді. Қазақстандық антитеррористік саясаттың кемшіліктері де айқындалды: біріншіден, экстремизм мен терроризмнің зардаптарымен күресуге күш салынып, оны туындатушы көптеген алғышарттарға жеткілікті мән берілмеуі; екіншіден, экстремизмге бой алдыру мен террорлық әрекет жасаудың себептерін жойып, олардың алдын алу жұмыстарын кешенді жүргізудің назардан тыс қалуы. Ақтөбедегі көзі жойылған лаңкестер негізінен өрімдей жастар екенін газеттен оқып, теледидардан көріп байқадық. Өмірдің қызығын көріп, арман қуатын шақтарында, аталарымыз «Қайран жиырма бес» деп әнге қосқандай, ойнап-күліп, сал-серілік құратын жастарында ақтөбелік жастарымыз неге жанкештілік жасап, қолдарына қару алып, қанды қылмысқа барып жатыр деп еріксіз қынжыласың. Ақтөбедегі жастардың экстремистік жалған діни ілімдерге бас ұруы Қазақстандағы жастар саясатының қателігін, жастардың арасында шешімі табылмаған әлеуметтік-экономикалық проблемалардың көп екенін, мемлекеттік деңгейдегі ұлттық идеологиялық жұмыстың әлсіздігін, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен жіктелудің тереңдеуін, ақпараттық саясаттың осалдығын дәлелдеп берді.

Қазір Қазақстанның ауыл-аймақтарындағы жастардың хал-ахуалы қиын екені баршамызға белгілі. Ауыл жастарының арасында жұмыссыздық өршіп тұр, «екі қолға бір күрек» деп сабылып, қалаға жұмыс іздеп келетін жастар мыңдап саналады. Қалаға келгенде дайын тұрған жұмыс қане? Не үйі жоқ, не күйі жоқ, жарытып жалақы алатын жұмысы да жоқ... Ақырында, әл-ауқаты төмен жастар тығырыққа тіреліп, түрлі теріс жолдарға түседі: біреулері маскүнемдік пен нашақорлыққа ұрынады, екіншілері ары мен тәнін сатып, ұрлық-қарлық жасап, қылмыстық жолға түссе, үшіншілері психикалық күйзеліске ұшырап, түрлі діни ағымдардан «көңілге жұбаныш іздейді», ақырында экстремистердің қатарына қалай қосылғанын білмей қалады.

Бұған қоса, байлығы мен билігі барлардың балалары шалқып өмір сүріп, үрлеп ішіп, шайқап төгіп жүргенін көрген кедей отбасынан шыққан жастар ашынбайды дейсіз бе? Әлеуметтік жіктелудің тереңдеуі, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздіктің артуы, заңдылықтың сақталмауы да наразылық көңіл-күйді өршітеді, экстремизмнің туындауына қосалқы алғышарттар туындатады. Ащы да болса шындығын айтуымыз керек, еліміздегі жастардың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы жақсармайынша, жастар арасындағы деградациялану мен маргиналдану процестері үздіксіз жалғасатын болады, бүгін бір топ жастарды «экстремист» деп түрмеге қамап, «террорист» деп атып тастағанымызбен, бұл шаралар ешбір нәтиже бермейді, ертең олардың орнына басқа жастар келеді. Сол үшін жастарға білім беру, жұмыспен қамту, шағын бизнеспен айналысуына барынша қолайлы жағдайлар жасау, өзінің кәсіпкерлік қабілетін жүзеге асыруына қолдау көрсетуді мемлекеттік деңгейде қолға алуымыз қажет.

Жастар саясатында жасалған үлкен кемшілік – жастардың бос уақытын өткізуі назардан тыс қалып отыр. Жастарды өнер мен шығармашылыққа баулитын орталықтар қалалардың өзінде жетіспейді, ауылдық жерлерде мүлдем жоқ десек те болады. Спорттық үйірмелер, спорт залдары ақылы қызмет көрсетуге көшкен, ауыл-аймақтарда спортпен айналысуға мүмкіндіктер тіптен аз. Ата-аналардың көпшілігі балаларының бос уақытын ұтымды үйлестіруге дәрменсіз. Жастарды негізінен «көше мәдениеті» тәрбиелеуде. Одан қалды, жастардың бос уақыты негізінен интернет кеңістігінде қаңғу мен әлеуметтік желілерге маталып, шатасумен өтуде. Интернет пен әлеуметтік желілерді бақылап жатқан ешкім жоқ. Виртуалды әлемде сенделіп жүріп, жастар адасады, рухани азғындалады. Жалпы, ақпараттық қауіпсіздігімізге төнетін бұдан өзге де қауіп-қатерлер жетіп артылады.

Қорыта келе айтарымыз, сол, жастар саясатын құр ұрандаумен өткізбей, нақты істерге қарай бағыттауымыз керек. Әсіресе, жастардың бос уақытын мазмұнды етіп ұйымдастыру мемлекеттік деңгейден бастап, жергілікті жерлерде басымдықққа айналуы қажет. Ынталы жастарымыз қолы бос уақыттарында шығармашылықпен, өнермен, спортпен тегін айналысуына мүмкіндік жасап бере алмаймыз ба? Жемқорларымыз бюджет қаржысын миллиардтап жымқырып жатыр, ал жас-тарымыз азып-тозып, қаңғып жүр...

Қалада аула спортын, жергілікті жерлерде ауыл спортын дамытатын қарапайым ғана спорт алаңдарын жасап, кітапхана жүйесін қайта жаңғыртып, өнерге баулу, музыка мен шығармашылыққа тәрбиелеуді жүйелі түрде қолға алатын кез келді. Мәселенің төркінін айтар болсақ, экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен оларға қарсы күресу кешенді іс-шаралар мен әдіс-тәсілдердің жиынтығын құрайды. Бұл бағытта тек арнаулы қызмет пен күштеу органдарына ғана сүйену ешбір нәтиже бермесі анық. Жан-жақты әлеуметтік-эко-номикалық саясат, жастар саясаты, идеоло-гиялық, ақпараттық, мәдени саясат, спортты дамыту, ұлттық тәлім-тәрбие беру, жасөс-пірімдер мен жастардың бос уақытын мән-мағыналы әрі қызықты ұйымдастыру сияқты мәселелер оң шешімін табуы қажет. Сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

## РАЗЪЯСНИТЕЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ
## О УРОВНЯХ ТЕРРОРИСТИЧЕСКОЙ ОПАСНОСТИ, О ВОЗМОЖНОЙ УГРОЗЕ СОВЕРШЕНИЯ АКТОВ ТЕРРОРИЗМА И НЕОБХОДИМЫХ ДЕЙСТВИЯХ ПРИ НИХ



*Біздің сұқбат*

# БАЛАЛАР ӨМІРІ БІЗДІҢ НАЗАРЫМЫЗДА

Балалар – біздің болашағымыз және қоғамның бір бөлшегі екенінде дау жоқ. Олардың қоғамдағы орнын айқындап, білім алуы мен тәрбиесіне көңіл болу әрбір қоғам мүшесінің парызы һәм қарызы болып есептеледі. Бұл мәселеге мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп, Елбасымыз да үлкен қамқорлық жасаудан қалыс қалған емес. Елбасы өзінің әр Жолдауы сайын балалардың жағдайына айрықша көңіл бөліп отырады. Кәмелетке толмаған балалардың өміріне қала бойынша қаншалықты көңіл бөлініп, қандай ісшаралар атқарылып жатқандығы жайында қалалық әкімдік аппараты мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас маманы, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының хатшысы Мөлдір Қанатқызы Қашынбаеваны әңгімеге тартып, сұқбаттасқан едік. Төменде осы сұқбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

***Тілші:** Міне, 2016-жылдың да жартысын аяқтап қалдық. Өткен жылда кәмелетке толмағандар істері мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия қандай ісшаралар атқарғаны жайында айтып берсеңіз.*

**М.Қашқынбаева:** Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясы 2015-жылы 24 отырыс өткізді. Онда Приозерск қаласының ІІБ ювеналдық полиция тобынан түскен 27 материал, №2 мектеп-балабақша кешенінің 4 өтініші мен №1 орта мектебінің 3 өтініші қарастырылды және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы 11 мемлекеттік мекемелердің есептері тыңдалды.

2015-жылдың аяғына Приозерск қаласының ІІБ ювеналдық полиция тобының есебінде 5 кәмелетке толмаған (2014-жыл бойынша – 9) және 13 сәтсіз отбасы (2014-жыл бойынша – 9) тіркелген. 2015-жылдың басынан кәмелетке толмағандардың қатысуымен 2 қылмыстық іс тіркелген (2014ж. – 0). Оқиғаның екеуі де ұялы телефон ұрлау фактісі орын алған. Жылдың басынан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылық бойынша 68 әкімшілік хаттама толтырылған (2015.-62). Көбінесе құқықбұзушылық кәмелетке толмағандар арасында сағат 23.00-ден кейін ата-ананың бақылауынсыз қоғамдық жерлерде жүргендеріне байланысты толтырылған.

***Тілші:** Мұндай олқылықтарға жол бермеу, алдын алу барысында қандай әдістемелік ісшаралар өткізілді?*

**М.Қашқынбаева:** 2015-жылы «Жасөспірім және заң», «Түнгі қаладағы балалар», «Мектепке жол» жедел алдын алу іс-шаралары өткізілді. Акциялардың мақсаты – қиын топтағы «қыдырымпаз», қараусыз, жағдайлары төмен балаларды, сонымен қатар сабақты жиі қалдыратын балаларды, бала еңбегін қанау деректерін анықтау мақсатында өткізілген болатын. Оған ІІБ, кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының, білім басқармасы, денсаулық сақтау органы мен жастар ұйымының, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымның өкілдері қатысты. Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық, бала еңбегін қанау, медициналық емес есірткі заттарды қолдану фактілері анықталмаған.

***Тілші:** Қазір қоғамда балалардың өзіне-өзі қол жұмсау, яғни, суицидке бару деректері көбейгені жайында жиі айтылатын болды. Аталған мәселеге байланысты қандай шаралар жасалуда?*

**М.Қашқынбаева:** Бұндай өкінішті жағдайлардың болып тұратыны жасырын емес. Өзекті мәселені біз де назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу мақсатында білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі жанында суицидке қарсы күрес комиссиясы жұмыс жасайды. Сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелерде кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу бойынша жұмыс топтары құрылған. Олар кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол салудың алдын алу бойынша әр түрлі ісшаралар өткізген. Мысалы, «Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салу мәселесі», «Бала тәрбиесіне кері әсер ететін факторлар» тақырыптарында отырыстар өткізілді. Онда туындаған түрлі мәселелер мен сұрақтар талқыға салынды. Мектеп психологтары суицидтің алдын алу мақсатында оқушыларға түрлі сұқбат, баяндама, тренинг, кездесулер өткізді. Жасөспірімдердің ерте жүктілігі және жыныстық қатынас бойынша тақырыбына дәріс өткізіп, оқушылармен және аналарымен профилактикалық әңгімесу жұмыстары өткізілді. Суицидтің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар комиссия отырысында 1 рет қаралды. Приозерск қаласы бойынша кәмелетке толмағандар арасында өзіне-өзі қол салу фактілері тіркелмеген.

***Тілші:** Балалардың қараусыз қалмауы және жағымсыз әрекеттерге бармауы үшін олардың бос уақыттарының болмауы маңызды ғой. Бұл ретте нендей жұмыстар жасалуда?*

**М.Қашқынбаева:** Балалардың бос уақытын ұйымдастырумен айналысатын мекеме – Өнер және спорт мектебі болып табылады. Ондағы 6 үйірме мен 7 спорт секциясында 6-дан 16-ға дейінгі жастағы 618 бала шұғылданады, оның ішіндегі 180 (30%) – үйірмелер мен секцияларға тегін баратын аз қамтылған отбасылар балалары. Аталған отбасыларға жалпыға міндетті оқу корынан (он сегіз миллион алты жүз тоқсан бес мың теңге) қаржы бөлінген.

Комиссия ақпараттық-ағартушылық қызмет жүргізеді. 2015-жыл бойынша жергілікті «Приозерский вестник» басылымында ата-аналар мен жасөспірімдер айдары бойынша «Правовое регулирование вопросов предотвращения насилия в семье и обществе», «Жас өспірімдердің құқығын қорғау», «Правила проведения на воде для детей», «Үздіктер топ жарады», Халықаралық зорлықсыз күніне «Бала бізді болашағымыз», «о защите прав детей, подвергшихся насилию» атты мақалалары жарияланды. Жалпы білім беретін мекемелерде құқық тақырыбында, темекінің, маскүнемдіктің, есірткінің зияны туралы, сондай-ақ суицидтің алдын алу бойынша әңгі-мелер, лекциялар, сынып сағаттары, семинар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

***Тілші:** Маңызды сұқбатыңыз үшін рахмет! Балалардың қоғамнан өз орындарын табуына баршамыз болып атсалысуымыз қажеттігін ешқашан естен шығармайық.*

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі*

*Қызыққа толы жазғы демалыс*

# «КҮНШУАҚ» БАЛАЛАР МАУСЫМДЫҚ ЛАГЕРІ АШЫЛДЫ

Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі жанынан «Күншуақ» жазғы сауықтыру лагері ашылды.

Мектеп жанындағы лагерлердің негізгі мақсаты — кіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту, денсаулығын нығайту, сауықтыру, олардың бойында салауатты өмір сүруге ынтасын қалыптастыру, сонымен қатар, балалардың ересектер тарапынан қараусыз қалған бос уақытын қысқарту.



«Күншуақ» лагерінде оқушыларға көңіл көтеріп, жазғы демалыс уақытын қызықты етіп өткізуге барлық жағдайлар жасалған.

Аталған лагерде көп балалы және аз қамтылған отбасынан 70 бала демалатын болады. Балалар күніне төрт мезгіл тамақтанады. Балалардың ой-өрісін дамыту үшін лагерь ұжымымен сан-алуан жаттығулар мен ойындар ұйымдастырылатын болады.

1 маусым - Халықаралық балалар күні лагердің ашылу салтанаты өтіп, спорттық ойындар, би түрлері, ертегі кейіпкерлерінің қызықты қойылымдары ұйымдастырылды. Мереке соңында балаларға тәтті сыйлықтар таратылды.

Айта кетерлігі, тағы бір №2 мектеп жанындағы "Балауса" лагері де өз жұмысын бастап кетті.

**Қала әкімінің баспасөз қызметі**

# ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС - ЖАНҒА ЖАЙЛЫ



10 маусымнан 30 маусым аралығында жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар, әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыдан шыққан балалардың демалысын және қамтылуын ұйымдастыру мақсатында 2 кезеңде 40 баланы қамтитын №2 мектеп жанынан «Балауса» лагері өз жұмысын бастады. Лагерь бағдарламасына тегін тамақтандыру, жүзу элементтерін, бастапқы шахмат ойынына, сурет салуға т.б. жұмыс істей білуге машықтандыру, үйрету енгізілген.

1 маусым күні лагерьдің ашылу салтанаты өтті. Лагердің ашылуында мектеп директоры Қ. Алтынбекова, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ермағанбетова балалардың жазғы демалыста жақсы тынығып, жаңа оқу жылына жақсы көңілкүймен келулеріне тілектестік білдірді. Салтанатты жиын мерекелік концертке ұласып, қызықты ойындар ойналды. Балалар лагердің жұмыс күн тәртібімен, қауіпсіздік ережелерімен танысып, соңында мерекелік ас ішті.



**Қала әкімінің баспасөз қызметі**

## АТА-АНАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА

**Құрметті ата-аналар!**

**Балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында су қоймаларында балаларды қараусыз қалдырмаңыздар!**

**Суда шомылып жүрген балаларды үнемі қадағалауда ұстаңыздар!**

**Приозерск қаласының білім бөлімі**

## ВНИМАНИЮ РОДИТЕЛЕЙ

**Уважаемые родители!!!**

**В целях безопасности на водных объектах в период купального сезона не оставляйте детей без присмотра при отдыхе на водных объектах!**

**Объясните своим детям, что на водоемах запрещено купаться в необорудованных местах.**

**Отдел образования города Приозерск**

*Үш тұғырлы тіл*

# ТІЛ – ТІРШІЛІК ТІРЕГІ

Елбасы 2006-жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII-құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Содан бері 10 жылдай уақыт болды, бұл идеяны дұрыс түсінгендер, қабылдағандар қазіргі таңда пайдасын көруде. Бұл мәселені дұрыс тү-сінбегендер әлі баршылық және қайта-қайта көтеріп, соңы даңғазаға ұласуда. Себебі, елімізде мемлекеттік тілге деген сұраныс әлі де кемшін, осы жағдай халықтың алаңдаушылығын тудырып отыр. Қазақ тілі басымдық алған жағдайда басқа тілдерге деген сұраныс өз-өзінен туындайды деп ойлаймын. Сондықтан, бұл идеяны іске асыру үшін, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілге басты назар аудару керек, қазақ тілінің қажеттілігін сезінуі керек деп ойлаймын. Ол үшін ата-ана өз баласын, немересін қазақша балабақша мен мектепке беріп, қазақ тілінің құнарымен сусындату керек. Өз ұрпағының мемлекеттік тілде білім алуын қадағалап, отбасында тек қазақша сөйлесуге ұйытқы болу керек. Сонда бала өз ана тілін ешуақытта ұмытпайды.

Қандай жағдайда да бірінші орынға мемлекетттік тіл – қазақ тілін қоюымыз керек, одан кейін орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға кіру, ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу тілі. Яғни, Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың көзі. Көп тіл білген тұлға, бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Балаға дәріс беретін орыс және ағылшын тілінің мұғалімдері міндетті түрде қазақ тілін біліп, оның салт-дәстүрін, тарихын білгені жөн. Егер үш тұғырлы тіл саясатын кейінге қалдырсақ, онда дамудан кенжелеп қалатынымыз айқын. Балаларымыз, немерелеріміз үш тілді білмесе еңбекақысы көп үлкен компаниялар мен кәсіпорындарға қызметке тұра алмайды. Қазір де елімізде көптеген заңгерлер мен экономистер тіл білмегендіктен ірі компанияларға жұмысқа орналаса алмауда. Көп тіл білген жастарымыз өз орындарын тауып, шаруашылықтарын дөңгелетіп отыр. Сондықтан, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасын қолдау қажет. «Үш тұғырлы тіл» саясатының мәнін, маңызын, келешек ұрпаққа берер пайдасын осы бастан жастарға ұғындыру әрқайсысымыздың міндетіміз.

**Ж.К.Кеңесов,**
***Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағатының директоры***

*Жастарға жағдай жасалуда*

# ЖАСТАР - ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТІРЕГІ

Намысты елдің ұрпақтары инабатты әрі жігерлі болып өсуі қажет. Алайда заман талабы ма, не қоғам әсері ме қазіргі кездің жастары шет елдің ұстанымына еліктеп, ерсі қылықтарды қайталаумен әлек болып отыр. Рейтинг қумалаған теледидар арналарында да, лайкқа зәру болған ғаламтор парақшаларында да намысты қоғамға жат дүние көрсету нәтижесінде психикалық ой-жүйесі толық қалыптаспаған жастардың санасында кері пікірдің туындауына ықпал етеді.

«Не ексең соны орасың»-дейді дана қазақ халқым. «Сонда бұл жастардың болашағы не болмақ?» деген сұрақты алға тартып келген Приозерск қаласының «Жастар ресуртық орталығы» бүгінгі таңда елдің болашағын ойлап, сан-түрлі патриоттық, тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар өткізуде. Аталмыш орталық болашақтың тұтығы жастарда екендігіне кәміл сенеді. «Жастар ресурстық орталығының» негізгі мақсаты - жастардың рухани, мәдени және жеке тұлғаның қалыптасуын дамыту. Олардың қоғам мүдделеріне сай шығармашылық әлеуетін ашу үшін әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасау болып табылады. Атап айтсақ, «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен көмекке мұқтаж жалғызбасты тыл ардагерлеріне қол ұшын созу, көмек көрсету мақсатында "Ардагерлерді ардақтайық!" атты акциясы өтті. Акция барысында жалғызбасты қарттар мен мүгедек жандарға жастар тарапынан тұрмыстық үй шаруаларына көмектер көрсетілді. Аталған іс-шаралардан бөлек діни экстремизмге қарсы қалалық мешітте жастарға үгіт насихат жүргізу мақсатында арнайы кездесу өткен болатын. Аталмыш іс-шара дінге байланысты танымды арттыруды қызықты да, сапалы ете түсті. Дін жайлы дұрыс ақпарат өмірде дұрыс рухани бағытты таңдап, экстремисттік топтардың арбауынан аулақ ұстануға, өзгенің діни, тілдік ерекшелігіне құрметпен қарауға өзіндік септігін тигізгені сөзсіз. Сонымен қатар еліміздің дараланған кесек тұлғалы композиторларды, жас талантты әншілерді қолдау, жолдарын ашу, зерделі музыка зерттеушілерінің шығармашылығы мен әндерін насихаттау және жас ұрпақты патриоттық сезімге баулу мақсатында «Патриоттық әндер» байқауын өткізген болатын. «Жастар ресурстық орталығының» тарапынан бұдан да басқа елеулі іс-шаралар өткізіліп отыр.

Жастар – ел болашағының тірегі. Жастарға жағдай жасағанымыз, болашағымыз үшін жағдай жасағанымызбен теңбе тең болып отыр.

**С. Бейсекеев,**
***Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының директоры***

# ИНФОГРАФИКА - ЛЕГАЛИЗАЦИЯ




*Жастар саясаты жүзеге асырылуда*

# «ҚАЗАҚСТАН 2020: БОЛАШАҚҚА ЖОЛ»

Жастар – келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш – жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Ол XXI ғасырда Жаңа Қазақстанның - дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет. Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға арналған тұжырымдамасының мақсаты - жастардың құндылық-патриоттық бағдарларын қалыптастыру, жастардың экономикалық, әлеуметтік, инновациялық және шығармашылық әлеуеттерін дамыту, мемлекеттік жастар саясатын институтционалдық қамтамасыз ету.

Қаламыздағы жастар саясаты 2013 жылдан бастап «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» арқылы жүзеге асырылып отыр. Жастар саясатын қаржыландыру жылдан жылға өсуде мәселен, жастар ресурстық орталықты қаржыландыруға 2014 жылы 6 403,0 мың теңге, оның ішінде іс-шараларға 1 268,0 мың теңге, 2015 жылы 7 559,0 мың теңге, оның ішінде іс-шараларға 1 534,0 теңге бөлінді, 2016 жылы 9 358,0 мың теңге, оның ішінде іс-шараларға 1 657,0 теңге бөлінді. Приозерск қаласындағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың саны 3118, немесе қала тұрғындарының (13184) жалпы санына шаққанда 23,6% құрайды. Олардың ішінде 14-18 жас аралығындағы мектепте оқитын жастар– 775.

Жастармен тәрбие жұмысын күшейту, олардың өзін өзі тану деңгейін көтеру, азаматтық белсенділігін арттыру, тәуелсіз өмірге бейімдеу және еңбекке ынталандыру бойынша қала әкімігі жанындағы жастар ісі жөніндегі Кеңес 2005 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. 2016 жылы жастар ісі жөніндегі Кеңестің 1 отырысы болып өтті. Жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында 20 дан аса түрлі үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді. Оларға қатынайтын балалар мен жасөспірімдер саны 606 адамды қамтиды. Қалада жастардың қоғамдық ұйымы - республикалық «Жас Отан» жастар қанатының «Жас Ұлан» бірегей балалар мен жасөспірімдер ұйымының бөлімшесі жұмыс жасайды. Оған 306 жасөспірім мүше болып тіркелген.

Жастар саясатын іске асырудың негізі бағыттары бойынша жыл басынан келесі жұмыстар жүргізілді. Жастар саясатын дамытудағы өзекті мәселелердің бірі – жұмыспен қамту мәселесі. Жылдың басынан жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жұмыссыздықпен – 119 жас адам тіркелген, олардың 13-і жұмысқа орналастырылды, биылғы жылы кәсіби оқуға жіберілгендер саны 14, жастар практикасына жіберілгендар – 0, қоғамдық жұмыстарға жіберілгендері – 4, тұрақты жұмысқа орналасты-рылғандары - 66 адам. 2016 жылдың маусым айында Приозерск қаласының жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп «Бос орындар жәрмеңкесі» ұйымдастырылады. Жәрмеңкеде қаламыздың мекемелерінен бос орындар ұсынылады.

Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен алғаш рет 2014 жылдын 1 тамыздынын бастап, 20 сарбаздан құрылған «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары өз жұмысын бастаған болатын. Ал 2016 жылы «Жасыл Ел» еңбек жасақтары 1 маусымнан бастап 30 сарбаздан құралған 3 жасақ 3 айға (маусым, шілде, тамыз) жұмысқа жұмылдырылып, 3 ай бойы Балқаш көлінің жағалауы мен қала көшелерін қоқыстан тазарту жоспарлануда.

2014 жылдан бастап дәстүрге айналған қарттарды ұлықтау, оларға көмек көрсету мақсатында құрылған «Ардағым-Ардагерім» жобасы аясында қаламыздың еріктілер қозғалысы мен белсенді жастары бірігіп ҰОС ардагерлері мен көмекке мұқтаж зейнет-керлерге көмек көрсетеді. 2016 жылы акция барысында қаламыздың 6 ардагеріне көмек көрстілді.

Жастар саясатын жүзеге асыру және жастарды қолдау мақсатында жастар орталығының жанында кеңес беру кабинеті ашылды. Кеңес беру кабинеті жастарға психологиялық, құқықтық және жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша кеңес береді. Жыл басынын бері кеңес алуға 85 адам келген болатын. Оның ішінде құқықтық кеңеске – 20, психологиялық кеңеске - 29, жұмыспен қамту бағдарлама бойынша – 26, басқа сұрақтар бойынша - 12 кеңес алды. «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ-нің заңгері мен психологі ай сайын қала мекемелерінің жас мамандарымен құқықтық және психологиялық кездесулер өткізіп отырады.

Қарағанды облысы ІІД Приозерск қаласының ІІБ әкімшілік полиция бөлімшесінің ақпараты бойынша 14-29 жастар арасындағы, жыл басынан әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар 23 адам. Жастар арасында құқық бұзушылықтын алдын алу мақсатында жастар орталығымен профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып,жұмыстар жүргізілуде. Приозерск қаласының ІІБ 2016 жылдың І тоқсанында «Улица», «Дети в ночном городе», «Подросток и Закон», «Профилактическое значение» атты құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шаралары ұйымдастырды. Жастардың адами-рухани құндылықтарға, өнерге, әдебиетке, поэзияға деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың ішінде дарынды жастарды аныктап, оларға қолдау көрсету мақсатында түрлі байқаулар мен әдеби кештер, көрмелер ұйым-дастырылып келеді. Жылдың басынан барлығы 25 аса іс-шаралар ұйымдастырылды.

2015 жылдың 30 қарашасында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауын зерделеу мақсатында Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы жанынан 9 адамнан тұратын ақпараттық топ құрылып, Жыл басынан 4 кездесу өткізілді. Кездесулер білім беру мекемелерінде және әр мемлекеттік мекемелерде жүргізді. Жастар арасында діни экстримизм мен терроризмнің алдын алу бойынша 2016 жылға іс-шаралар жоспары құрылған болатын. 2016 жылдың ақпан айында қаламыздағы мектептерде «Дініңді сақта, салтынды сатпа, сенімді ақта!» тақырыбында қала имамымен және Қарағанды облысының Заңды кеңес - Дін және психологиялық орталығымен бірлесіп дөңгелек үстел өткізілді. Барлық кездесулерде қамтылған жастар саны 1000 адамға жуық болды. Жастар саясаты бойынша өткізілген іс-шаралар жергілікті және облыстық БАҚ басылымдары арқылы ақпараттандырылып отырады. 2016 жылдың есеп беру кезеңіне жергілікті «Приозерский вестник» газетіне – 4 мақала жарық көрді. Облыстық «Қазақстан Қарағанды» телеарнасында 16 мамыр күні Приозерск қаласында жастар саясатының жүзеге асы--рылуы туралы сюжет жарықтандырыл-ды.

Приозерск қаласында 2016 жылдың ақпан айынан бастап қаламыздың орталық ауруханасында жастарға арналған «Қайнар» атты аула клубы ашылды. Қайнар клубында жастарға арналғын шахмат және үстел теннис үйірмелері, фитнес секциялары бар. 2016 жылдың 2 ақпан күні Приозерск қаласында «Жастар Жастарға» атты жастар қоғамдық бірлестігі ашылған болатын. Қоғамдық бірлестіктің мақсаты, жастарға патриоттық тәрбие беру, мәдени іс шаралар өткізу. Қоғамдық бірлестік басшысы Чалгымбаев Азамат Бауыржанович.

Алдағы уақытта «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар ары қарай жалғасын табатын болады.

**С. Бейсекеев,**
***Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының директоры***

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ *** ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**"Приозерск қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ "Аппарат Приозерского городского маслихата" 5-49-16**
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневнос 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных
***
**"Приозерск қаласы әкім аппараты" ММ сенім телефоны 5-41-53**
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр ап-таның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ "Аппарат Акима города Приозерск" 5-41-53**
График приема граждан:
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі » мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45**
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты -сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов
***
**"Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ сенім телефоны 5-28-57**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ "Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск" 5-28-57**
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48**

**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**
***
**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов
***
**"Приозерск қаласының білім білімі" ММ сенім телефоны: 5-32-92**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейн

**Телефон доверия ГУ "Отдел образования города Приозерск" 5-32-92**
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**
График приема граждан руководителем отдела- среда с 17.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.
***
**«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13**

**Телефон доверия РГУ «Приозерское городское управление по защите прав потребителей» 5-41-13**
***
**"Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі" РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.

**Телефон доверия ГУ "Отдел экономики и финансов города Приозерск" 5-32-19, 5-24-87**
График приема граждан руководителемотдела - ежедневно с 17.00 часов.

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

## Қ А У Л Ы ПОСТАНОВЛЕНИЕ

**16 июня 2016 год № 21/2**

### Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жыл 19 қарашадағы № 47/1 «2016 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысын жою туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 22 бабына және 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 8/18/1629 Қазақстан Республикасы әділет министрлігі Қарағанды облысы әділет департаментінің хатына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жыл 19 қарашадағы № 47/1 «2016 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2.«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы А. Ким Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қарағанды облысы Әділет департаментін Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жыл 19 қарашадағы № 47/1 «2016 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысының күші жойылғаны туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

**Приозерск қаласының әкімі Қ. Камзин**

### О признании утратившим силу постановления акимата города Приозерск от 19 ноября 2015 года № 47/1 «Об организации общественных работ в 2016 году»

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», со ст. 22 Закона Республики Казахстан «О занятости населения» от 6 апреля 2016 года и на основании письма Департамента юстиции Карагандинской области Министерства юстиции Республики Казахстан от 08 апреля 2016 года № 8/18/1629, акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1.Постановление акимата города Приозерск от 19 ноября 2015 года №47/1 «Об организации общественных работ в 2016 году» признать утратившим силу.

2.Руководителю ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» А. Ким уведомить Департамент юстиции Карагандинской области Министерства юстиции Республики Казахстан о признании постановления акимата города Приозерск от 19 ноября 2015 года № 47/1 «Об организации общественных работ в 2016 году» утратившим силу.

3.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.

**Аким города Приозерск К. Камзин**

*Международные новости*

# ИТОГИ РЕФЕРЕНДУМА В ВЕЛИКОБРИТАНИИ

**Сторонники выхода Великобритании из Евросоюза победили на референдуме, преодолев барьер в 16,7 миллиона голосов избирателей, передает РИА Новости.**

Разрыв оказался минимальным. На протяжении нескольких часов, что велся подсчет голосов, то одна сторона одерживала верх, то другая, однако в последние часы перевес оказался на стороне "выйти".

Референдум не носит юридически обязывающего характера, то есть правительство может самостоятельно решить судьбу страны.

При этом эксперты отмечают, что Дэвид Кэмерон сам инициировал референдум, поэтому проигнорировать его результаты ему вряд ли удастся. Немало политологов предрекают премьеру отставку, несмотря на его прежние заверения, что он останется на своем посту в любом случае.

**источник: www.nur.kz**

И Н Ф О Р М А Ц И Я   К   С В Е Д Е Н И Ю !

# РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ ПО СТАНЦИИ САРЫ-ШАГАН

| № п/п | Сообщение | Приб. | Ст. | Отпр. | Дни следован |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алматы-2-Астана | 01-30 | 10 | 01-40 | ежедневно |
| 2 | Астана-Алматы-2 | 01-22 | 10 | 01-32 | ежедневно |
| 3 | Алматы-2-Астана | 22-51 | 16 | 23-06 | ежедневно |
| 4 | Астана-Алматы-2 | 21-07 | 15 | 21-22 | ежедневно |
| 9 | Алматы-2-Астана | 06-00 | 15 | 06-15 | ежедневно |
| 10 | Астана-Алматы-2 | 07-56 | 15 | 08-11 | ежедневно |
| 15 | Алматы-2-Петропавловск | 04-30 | 15 | 04-45 | четный |
| 16 | Петропавловск-Алматы-2 | 21-47 | 15 | 22-02 | нечетным |
| 43 | Алматы-1-Костанай | 05-23 | 17 | 05-40 | ежедневно |
| 44 | Костанай-Алматы-1 | 23-36 | 15 | 23-51 | ежедневно |
| 45 | Алматы-Павлодар | 23-08 | 20 | 23-28 | нечетным |
| 46 | Павлодар-Алматы | 18-36 | 15 | 18-51 | четный |
| 51 | Алматы-1-Караганда | 03-36 | 15 | 03-51 | нечетным |
| 52 | Караганда-Алматы-1 | 01-59 | 27 | 02-26 | четный |
| 55 | Кокшетау-Кызылорда | 09-20 | 15 | 09-35 | ежедневно |
| 56 | Кызылорда-Кокшетау | 22-08 | 15 | 22-23 | ежедневно |
| 75 | Кызылорда-Астана | 20-33 | 15 | 20-48 | нечетный |
| 76 | Астана-Кызылорда | 07-17 | 15 | 07-32 | нечетный |
| 80 | Астана-Шымкент | 06-03 | 10 | 06-13 | нечетным |
| 79 | Шымкент-Астана | 02-15 | 10 | 02-25 | четным |
| 85 | Астана-Сарыагаш | 17-28 | 15 | 17-43 | ежедневно |
| 86 | Сарыагач-Астана | 08-57 | 15 | 09-12 | ежедневно |
| 89 | Астана-Кзылорда | 06-03 | 10 | 06-13 | четный |
| 90 | Кзылорда-Астана | 16-54 | 10 | 17.04 | нечетный |
| 303 | Алматы-2-Екатеринбург | 04-56 | 19 | 05-15 | вт.чт. |
| 304 | Екатеринбург-Алматы-2 | 08-44 | 15 | 08-59 | пт.вс. |
| 305 | Екатеринбург-Бишкек | 08-44 | 15 | 08-59 | вт. сб |
| 306 | Бишкек-Екатеринбург | 04-56 | 19 | 05-15 | ср.сб. |
| 315 | Ташкент-Екатеринбург | 04-56 | 19 | 05-15 | вск |
| 316 | Екатеринбург-Ташкент | 08-44 | 15 | 08-59 | ср |
| 373 | Алматы-2-Жезказган | 13-19 | 15 | 13-34 | пн.чт. |
| 374 | Жезказган-Алматы-2 | 02-46 | 15 | 03-01 | ср.сб. |
| 6898 | Сары-Шаган- Мойынты | 00-00 | | | еж., кр. сб, вс, и прзд. |
| 6897 | Мойынты- Сары-шаган | | | 00-00 | еж, кр. сб, вс, и прзд. |

*источник: сайт "Казахстан темир жолы"*

# ЗАКОН О ЗАЩИТЕ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ ТЕПЕРЬ ДЕЙСТВИТЕЛЬНО ЗАЩИТИТ КАЗАХСТАНЦЕВ

**В закон о защите прав казахстанских потребителей внесли изменения, сообщает портал NUR.kz.**




Почти вдвое увеличены сроки возврата товара. А продукцию на прилавках теперь можно свободно фотографировать и снимать на видео.

Отныне, если покупателя не устроила приобретенная вещь: оказалась не той формы, цвета или размера, то товар можно обменять или вернуть в течение 30 календарных дней. Раньше срок был гораздо меньше – 14 дней.

Уже в прошлом те времена, когда факт покупки подтверждался только наличием чека. Теперь все гораздо проще. Нет чека, достаточно его фотографии или видео.

Часто бывает такое, что на витрине указана одна цена, а кассир пробивает совершенно другую. Теперь покупатель вправе оплатить за товар ту сумму, которая была указана на ценнике.

Новые правила коснулись и вопросов гарантийного срока. Клиент имеет право сдать некачественный товар, даже если до окончания гарантийного срока остался всего день! Причем деньги ему должны вернуть полностью.

Если новая бытовая техника сломалась, то сервисная служба обязана за свой счет осуществить ремонт и доставку. На это время клиенту предоставляют аналогичный товар. Если за 10 дней покупку не отремонтировали, тогда можно смело требовать новую вещь.

Поправки затронули и коммунальную сферу. Отныне долг за отопление не повод отключать горячую воду. Эта норма прописана в изменениях к закону «Об электроэнергетике».

Отношения между продавцом и покупателем всегда вызывали много споров. Теперь все четко прописано. Продавец не сможет уйти от ответственности, если товар причинил вред жизни, здоровью и имуществу потребителя. При покупке товара в рассрочку продавцу отныне запрещено прописывать в договоре, что он будет менять цену.

Изменения коснулись и сферы услуг. Чтобы изменить условия договора или же расторгнуть его, компания должна предупредить клиента, причем за 30 дней, как минимум. К примеру, изменить условия тарифного плана мобильный оператор не сможет, не уведомив об этом абонента за месяц.

Подать в суд на продавца может Комитет по защите прав потребителя, если с одной и той же жалобой в него обратились 10 человек.

**источник: www.nur.kz**

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**
**Выходной - Понедельник**

**На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89**




*Новости казахстанского футбола*

# ПЕРЕД КАЗАХСТАНСКИМИ ФУТБОЛИСТАМИ ПОСТАВЛЕНА ЗАДАЧА ПРОБИТЬСЯ НА ЧМ-2018

**На пресс-конференции в Астане, посвященной назначению главного тренера национальной сборной Казахстана по футболу, было сделано необычное заявление, передает портал Nur.kz.**



Перед новым тренером сборной Талгатом Байсуфиным поставлена амбициозная задача - вывести казахстанскую команду на чемпионат мира по футболу-2018, который состоится в Москве.

По словам президента федерации футбола Казахстана Ерлана Кожашагапанова, перед сборной надо ставить максимальные задачи.

-Мы долго совещались с тренерским штабом и опытными специалистами, после чего приняли важное решение - надо проходить в финальную часть турнира. Если ставить малые задачи, такие как занять пятое место в группе или не проиграть дома, то толку не будет. Надо бороться за путевку на ЧМ-2018, надо выходить из группы. Чем выше цели, тем выше мы заберемся в группе, - заявил Кожагапанов.

Напомним, соперниками в группе Е станут команды Румынии, Дании, Польши, Черногории и Армении.

**источник: www.nur.kz**

## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

**НЕДВИЖИМОСТЬ**

**Продам**

**Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая. Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59**

**УСЛУГИ**

**Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613, Мади**

**К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!**

**MPG-BOOST™ - катализатор к различным видам топлива** (бензин, дизельное топливо, газ) для двигателей внутреннего сгорания, способствующий экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

**MPG-BOOST™ способствует:**
-уменьшению количества выбросов;
-улучшению работы двигателя;
-снижению шумов;
-улучшению смазки клапанов;
-уменьшению углеродистых отложений и увеличению срока эксплуатации свечей;
-снижению расхода топлива.

**По вопросам приобретения обращаться по телефону: +7 (702) 604-02-60**

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 25/461. Тираж: 500 экз., объем-8 п.л., формат - А2,8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*